

**"Облыстық бюджет пен облыстың қалалары мен аудандары бюджеттерінің арасындағы 2005-2007 жылдарға арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемі туралы" 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 9/104-III шешімге өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

III шақырылған Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 18 қазандағы N 13/182-III шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 22 қазанда N 2397 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 47-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Облыстық бюджет пен облыстың қалалары мен аудандары бюджеттері арасындағы 2005-2007 жылдарға арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемі туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2004 жылғы 22 желтоқсандағы №N 9/104-III (тіркеу N 2093, "Рудный Алтай" газетінің 2005 жылғы 8 қаңтардағы №N 3-4 және "Дидар" газетінің 2005 жылғы 8 қаңтардағы №N 2-3 сандарында жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

6-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шығыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан барлық филиалдарынан түсетін төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша - 100%."

2. Осы шешім 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*С е с с и я                      т ө р а ғ а с ы*

*Ш ы ғ ы с                      Қ а з а қ с т а н                      о б л ы с т ы қ*  
*мәслихатының хатшысы*